

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 158-V ҚРЗ

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге 2012 жылғы 5 желтоқсанда Бішкекте жасалған хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері 2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) практикалық іске асыру, сондай-ақ төтенше жағдайларға ден қою тиімділігін арттыру мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Хаттамамен төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету бойынша осы Хаттамаға №№ 1 - 11-қосымшаларда қамтылған құжаттардың үлгі нысандарын бекітеді және оларды Келісім шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде қолданады.

2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін талқылауға немесе қолдануға қатысты келіспеушіліктер консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

3-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Хаттамаға оның ажырамас бөлігі болып табылатын және хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

4-бап

Шанхай ынтымақтастық ұйымының хатшылығы осы Хаттаманың депозитарийі болып табылады, ол осы Хаттамаға қол қойылғаннан күннен бастап 15 күн ішінде барлық Тараптарға оның расталған көшірмелерін жібереді.

5-бап

Осы Хаттама Келісімнің қолданылу мерзіміне жасалады және Келісімнің 16-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

6-бап

Осы Хаттама оған Келісімнің қатысушысы болып табылатын кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

Қосылған мемлекет үшін осы Хаттама Келісімнің 18-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді. Депозитарий қосылған мемлекет үшін осы Хаттаманың күшіне енгені туралы барлық Тараптарды хабардар етеді.

7-бап

Тараптардың әрқайсысы шығудың болжанып отырған күніне дейін кемінде 3 ай бұрын бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Хаттамадан шыға алады. Депозитарий шығу туралы хабарлама алған күннен бастап 30 күн ішінде осы ниет туралы басқа Тараптарды хабардар етеді.

Осы Хаттаманың қолданылуын тоқтату Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын қызметті қозғамайды.

2012 жылғы "5" желтоқсанда Бішкек қаласында орыс және қытай тілдерінде бір данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қ а з а қ с т а н
Үкіметі үшін

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ ы т а й
Үкіметі үшін

Х а л ы қ

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ ы р ғ ы з
Үкіметі үшін

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Р е с е й
Үкіметі үшін

Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

Тәжікстан
Үкіметі үшін

Республикасының

Өзбекстан
Үкіметі үшін

Республикасының

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше

мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде

өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 1 қосымша

№ 1 нысан

№ _____

күні _____

Көмек көрсету туралы сұрау

_____ (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) Үкіметі 2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге сәйкес

_____ (көмек сұралатын Тараптың мемлекеті көрсетіледі) Үкіметіне _____ (Сұратушы тараптың мемлекетінің аумағында болған төтенше жағдай түрі көрсетіледі) байланысты көмек көрсету туралы өтініш білдіреді.

Болған төтенше жағдай туралы ақпарат

О р н ы :

(төтенше жағдай болған жер көрсетіледі)

У а қ ы т ы :

(төтенше жағдай болған кездегі нақты жергілікті уақыт көрсетіледі)

С и п а т ы :

(төтенше жағдайдың түрі және оған тән сипаттық ерекшеліктері көрсетіледі)

А у қ ы м ы :

(қаза тапқандар мен зардап шеккендердің, қираған ғимараттардың болжамды саны және төтенше жағдай туралы басқа ақпарат көрсетіледі)

Ж а й - к ү й і :

(төтенше жағдайдың даму үрдісі, төтенше жағдайдың қайталама факторының күтілетін-күтілмейтіні; Сұратушы тараптың қолданған іс-әрекеттері; төтенше жағдайды жою бойынша жүзеге асырылатын іс-шаралар көрсетіледі, сондай-ақ басқа Тараптар көрсеткен көмек туралы ақпарат беріледі)

К ө м е к

б а с ы м д ы л ы қ т а р ы :

(Сұратушы тарап мұқтаж болып отырған көмек түрі (авариялық-құтқару немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу, ізгілік жүгін жеткізу), зардап шеккен халықтың арасында бөлу үшін қажетті қамтамасыз ету материалдарының тізбесі көрсетіледі)

Уәкілетті адамның лауазымы

Қолы

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше

мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде

өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 2 қосымша

№ 2-нысан

№ _____

күні _____

Көмек көрсету туралы сұрауға жауап

_____ (көмек сұралған Тараптың мемлекеті көрсетіледі) Үкіметі _____

_____ (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі)

Үкіметінің _____ (Сұратушы тарап мемлекетінің аумағында болған төтенше жағдай түрі көрсетіледі) байланысты көмек көрсету туралы сұратылған өтінішін қарап:

1-нұсқа: авариялық-құтқару немесе басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін көмек көрсету жөніндегі топты жіберу, қамтамасыз ету материалдарын (тізбе) жіберу түрінде көмек көрсетуге (өтеусіз негізде немесе көмек көрсету бойынша шығыстарды өтеу арқылы) дайын (көмектің көлемі, оны ұсыну тәртібі немесе төтенше жағдайды жоюдағы көмектің сұрау салынатын өзге нысаны көрсетіледі);

2-нұсқа: сұратылатын көмекті көрсетуге мүмкіндік жоқ екенін хабарлайды.

Уәкілетті адамның лауазымы

Қолы

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше

мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде

өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 3 қосымша

№ 3 нысан

№ _____

күні _____

Төтенше жағдай туралы хабарлама

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 3-бабының 4-тармағына сәйкес _____ аумағына (хабардар етілетін Тараптың мемлекеті көрсетіледі) өз әсерін тигізуі мүмкін _____ (төтенше жағдай түрі көрсетіледі) болғаны туралы хабарлаймыз.

Орын алған төтенше жағдай туралы ақпарат

О р н ы :

(төтенше жағдай болған жер көрсетіледі)

У а қ ы т ы :

(төтенше жағдай болған кездегі нақты жергілікті уақыт көрсетіледі)

С и п а т ы :

(төтенше жағдайдың түрі және оған тән сипаттық ерекшеліктер көрсетіледі)

А у қ ы м ы :

(қаза тапқандар мен зардап шеккендердің, қираған ғимараттардың болжамды саны және төтенше жағдайдың салдары туралы басқа да ақпарат көрсетіледі)

Ж а й - к ү й і :

(төтенше жағдайдың даму үрдісі; төтенше жағдайдың қайталама факторларының күтілетін-күтілмейтіні; Сұратушы Тараптың қолданған іс-әрекеттері, төтенше жағдайды жою бойынша жүзеге асырылатын іс-шаралар көрсетіледі, сондай-ақ басқа Тараптар көрсеткен көмек туралы ақпарат беріледі)

Уәкілетті адамның лауазымы *Қолы*

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 4 қосымша

№ 4 нысан

№

күні _____

Көмек көрсету жөніндегі топ жетекшісін тағайындау туралы куәлік

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 7-бабының 1-тармағына сәйкес (адамның тегі, аты, әкесінің аты, паспорт деректері және лауазымы көрсетіледі) (төтенше жағдайдың түрі

көрсетіледі) байланысты (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) көмек көрсетуге бара жатқан көмек көрсету жөніндегі топтың жетекшісі болып табылатынын куәландырамыз.

Құзыретті *органның* *уәкілетті*
адамының лауазымы *Қолы*

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше
мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде
өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 5 қосымша

№ 5 нысан

№ _____

күні _____

Көмек көрсету жөніндегі топ мүшелерінің тізімі

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 7-бабының 1-тармағына сәйкес _____ (Сұратушы тарап мемлекетінің немесе транзит мемлекетінің шекарасын кесіп өту болжанатын күн мен уақыт көрсетіледі) _____ (халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункті көрсетіледі)

мынадай құрамдағы көмек көрсету жөніндегі топтың шекараны кесіп өтуі жоспарланып отырғанын хабарлаймыз.

Рет №	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Паспорт деректері

Құзыретті *органның* *уәкілетті*
адамының лауазымы *Қолы*

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше
мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде
өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 6 қосымша

№ 6 нысан

№ _____

күні _____

Көмек көрсету жөніндегі топтың құрамы, жарақтарды, қамтамасыз ету материалдарын әкелу немесе әкету туралы хабарлама

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 9-бабының 2-тармағына сәйкес:

1-нұсқа (әкелген кезде): _____ (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) көмек көрсету мақсатында мынадай құрамдағы көмек көрсету жөніндегі топтың б а р а т ы н ы н :

2-нұсқа (әкеткен кезде): _____ (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) көмек көрсету нәтижелері бойынша мына құрамдағы көмек көрсету жөніндегі топтың баратынын хабарлайды:

Рет №	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Паспорт деректері

Мына жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарының оңайлатылған түрде және басым тәртіппен кедендік ресімделуін қамтамасыз етуді сұраймыз.

Рет №	Жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарының атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескерту

Қ ұ з ы р е т т і

о р г а н н ы н

уәкілетті адамының лауазымы

Қолы

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше

мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде

өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 7 қосымша

№ 7 нысан

Құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттары бар медициналық препараттардың болуы туралы декларация

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 9-бабына сәйкес осы Декларацияда:

1-нұсқа (әкелген кезде): _____ (төтенше жағдайдың түрі көрсетіледі) байланысты _____ (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) зардап шеккен халқына жедел медициналық көмек көрсету мақсатында көмек көрсету жөніндегі топта құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар мынадай

медициналық препараттардың/дәрілік заттардың бар екені мәлімделеді:

2-нұсқа (әкеткен кезде): _____ (төтенше жағдайдың түрі көрсетіледі) байланысты (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) зардап шеккен халқына жедел медициналық көмек көрсету нәтижелері бойынша көмек көрсету жөніндегі топта құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар мынадай медициналық препараттардың/дәрілік заттардың бар екені мәлімделеді:

Рет №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескертпе

Күні _____

Уәкілетті адамның лауазымы

Қолы

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше

мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде

өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 8 қосымша

№ 8 нысан

Растаймын

(Сұратушы тараптың құзыретті
органы өкілінің қолы, тегі,
аты, әкесінің аты)

(күні)

Мөр орны

Құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттары бар дәрілік заттардың пайдаланылғаны туралы акт

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 9-бабының 6-тармағына сәйкес осы актімен (төтенше жағдайдың түрі көрсетіледі) байланысты (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) зардап шеккендерге жедел медициналық көмек көрсеткен кезде құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар бар мынадай медициналық препараттардың/дәрілік заттардың жұмсалғаны белгіленді:

Рет №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескерту

Күні _____

Көмек көрсету жөніндегі топтың жетекшісі Қолы

Көмек көрсету жөніндегі топтың дәрігері Қолы

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 9 қосымша

№ 9-нысан

Жарақтардың жойылғаны немесе толық тұтынылғаны туралы акт

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 9-бабының 7-тармағына сәйкес осы актімен (төтенше жағдайдың түрі көрсетіледі) байланысты (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) зардап шеккендерге көмек көрсеткен кезде мынадай жарақтардың жойылғаны немесе толық тұтынылғаны белгіленді:

Рет №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескерту

Күні _____

Көмек көрсету жөніндегі топтың жетекшісі Қолы

С ұ р а т у ш ы т а р а п т ы ң

құзыретті органының өкілі Қолы

мөр орны

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 10 қосымша

№ 10 нысан

Қамтамасыз ету материалдарын қабылдау-тапсыру актісі

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 9-бабының 7-тармағына сәйкес осы актіде _____

_____ (төтенше жағдай түрі көрсетіледі) байланысты _____ (Сұратушы тараптың мемлекеті көрсетіледі) көмек көрсеткен кезде Сұратушы тараптың уәкілетті өкіліне мынадай қамтамасыз ету материалдары тапсырылғаны белгіленді:

Рет №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескерту

Күні _____

Ұсынушы

тараптың

уәкілетті өкілі

Қолы

Сұратушы

тараптың

уәкілетті өкілі

Қолы

мөр орны

2005 жылғы 26 қазандағы

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше

мемлекеттердің үкіметтері арасындағы

Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде

өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттамаға

№ 11 қосымша

№ 11 нысан

Көмек ұсыну бойынша қаржылық шығыстар туралы акті

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімнің 11-бабының 3-тармағына сәйкес осы актімен _____ № _____ сұрауды орындау нәтижесінде _____ (Ұсынушы тарап көрсетіледі) мынадай авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстардың орындалғанын белгілейді:

Рет №	Жұмыс түрі, жарақтарды пайдалану	Жұмсалған сағат саны	Шығыстар

Жалпы шығыстар _____ (еркін айырбасталатын валютадағы жиынтық сома көрсетіледі) құрады.

Күні _____

Ұсынушы тараптың

Сұратушы тараптың

құзыретті органы үшін

құзыретті органы үшін

Тараптың банк деректемелері

Тараптың банк деректемелері

Осымен қоса берілген құжаттың 2012 жылғы 5 желтоқсанда Бішкек қаласында орыс және қытай тілдерінде қол қойылған "2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше

жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттама" түпнұсқалық көшірмесі екенін растаймын.

Аталған Хаттаманың түпнұсқа данасы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығында сақталады.

Бас хатшының орынбасары П. Додов

2005 жылғы 26 қазандағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Төтенше жағдайларды жоюда көмек көрсету кезінде өзара іс-қимыл жасау туралы келісімге хаттаманың орыс тіліндегі нұсқасы қазақ тіліне аударылған нұсқасымен сай келетінін растаймын.

*Әкімшілік жұмыс департаменті
Мемлекеттік тілді дамыту*

Басқармасының басшысы А. Кендірбекұлы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Хаттаманың қытай тіліндегі мәтіні берілген.